

К.Т. Бодеев, З.Г. Сактаганова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: zauresh63@mail.ru)*

Кеңес өкіметінің Қазақстандағы діни ұйымдарға қатысты саясаты (XX ғасырдың 30–40 жж.)

Мақалада Кеңес өкіметінің Қазақстандағы XX ғасырдың 30–40 жж. дінге қатысты ұстанған саясаты қарастырылды. Діни ұйымдарға қатысты большевизмнің негізгі идеологтарының көзқарасы негізінде Кеңес өкіметі орнаған тұстағы дінге көзқарастың өзгеруі талданды. Орталықта қабылданған заңнамалық-құқықтық актілердің Қазақстанға әсері, нұсқаулардың орындалуы, діни саясатты жүргізудегі асыра сілтеу әрекеттері қазақстандық мысал негізінде жазылды. Қазақстандағы дінге қатысты саясаттың өзгеруі, репрессия жылдарындағы діни ұйымдар, діндарлардың ахуалы мен Екінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейінгі мемлекеттің дінге қатысты саясатын өзгертуге мәжбүр еткен жағдайлар талданды. Отандық және шетелдік авторлардың зерттеулеріне қорытынды жасалды. КСРО аумағындағы діни ұйымдардың қызметін тоқтатудағы жіберілген өрескел қателердің, посткеңестік кезеңдегі елдердің, оның ішінде Қазақстан аумағындағы салдарымен байланыстырылды.

Кілт сөздер: дін, саясат, қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы, Кеңес өкіметі, діни ұйымдар, дінмен күрес.

Қазақстан тарихының жетпіс жылдық кезеңі кеңес дәуірі ретінде тарихқа енді. Тарихи кезеңдеу бойынша қысқа уақыт аралығы болса да, түбегейлі өзгерістер әкелген кезең ретінде тарихта қалды. Бұл кезең отандық тарихта атеизмді күштеп енгізілуімен ерекшеленді. Кеңес өкіметі тұсындағы өлкедегі діни ахуалды шетелдік зерттеуші Д. Мантгомери: «Кеңестік кезеңде дін жаппай аяқасты етілді. Бұл саясат, өз кезегінде, өлкеде діннің нашар дамуына әкелді. Соған қарамастан, Орталық Азиялық әрбір адам өзінің мәдени бірегейлігін мұсылман дінімен байланыстырады», — деп сипаттайды [1; 356, 357].

Кеңес өкіметі орнамай тұрып, идеологиялық жұмыс басталған болатын. Большевиктер Қазан төңкерісінің көсемі В.И. Лениннің бастамасымен дінмен күрес жүргізді. Жұмысшы партиясы саясатының дінге байланысты негізгі қағидаларына партия көсемі В.И. Лениннің 1905 жылы жазған «Социализм және дін» атты шығармасында: «...дін — рухани қанаудың құралы. Ол әлеуметтік теңсіздік пен қаналған таптың шарасыздығынан туындайды» [2], — деген баға беріп, дінге қарсы күрестің қажеттілігін айқындады. Әлемдік революцияны жүзеге асыруды мақсат еткен большевиктер үшін кез келген қарсы тұрар күш пен кедергіні жою негізгі міндеттердің бірі болды.

Кеңестер билігі тұсында жалпы дін мен діни ұйымдардың жай-күйі қалай болды? XX ғасырдың 30–40 жж. дінге көзқарас қалай өзгерді? Екінші дүниежүзілік соғыс дін мен мемлекеттің арақатынасына қалай әсер етті? Осы сұрақтарға мақала шеңберінде жауап беруге тырысамыз.

Мақаланың хронологиялық шеңберіндегі мәселелерді талқыламас бұрын, алғышарттарын, яғни большевиктер билігі орнаған тұстағы діни ахуалды, қарастырып өткен дұрыс. Қоғамдағы ықпалынан айыруды мақсат еткен билік құқықтық-нормативтік негізін жасап, қабылданған заңдар аясында дін мен діни ұйымдардың мүмкіндіктерін шектеуді мақсат етті.

Сонымен, 1917 жылы 26 қазанда Кеңестердің II Съезі қабылдаған «Жер туралы» Декрет, 1917 жылы 18 желтоқсанда РКФСР ХКК қабылдаған «Азаматтық неке туралы, балалар және хал-ахуал кітабын жүргізу туралы», 19 желтоқсандағы «Неке бұзу туралы» Декрет Қазақстандағы мешіттер, шіркеулер, діни қауымдардың иелігіндегі жерлер Жер-су комитеттерінің қарамағына берілді. Шіркеу мен мешіт некесіне тыйым салынбады, дегенмен тек азаматтық некенің заңдық күші болды. Ал, діни ұйымдар жөніндегі кеңестік заңдардың негізгі қағидаларын жариялаған қорытынды құжат болып 1918 жылдың 20 қаңтарындағы РКФСР ХКК қабылдаған «Мемлекеттің шіркеуді және мектепті шіркеуден бөлу туралы» Декреті саналды [3]. Жаңа форматтағы кеңестік адамды, атеистті қалыптастырудың алғашқы қадамдары осылай жүзеге аса бастады. Дегенмен, әлі де болса, нақты күшке ие болмаған кеңестерге дінді, діни ұйымдарды түбегейлі жою мүмкін болмады. Елдегі азамат соғысы, XX ғасырдың 20 жж. аштық, В.И. Лениннен кейінгі «таққа» талас дін мәселесін кейінге шегерді.

Сталиннің саясатын Қазақстанда жүргізген, Қазақ өлкелік комитетін басқарған Ф.И. Голощекин тұсында Қазақстандағы діни ұйымдардың жағдайы мүшкіл еді. М.К. Қозыбаев Қазақ өлкелік

комитетінің басшысы Ф.И. Голощекин жайлы: «...Қазақстанға патшаның отарлау саясатының кеңестік нұсқасын енгізген кішкентай Сталин» [4; 16], — деген болатын. Голощекин басқарған шолак белсенділер діни қызметкерлерді қудалап, мешіттер мен шіркеулерді қиратты. «Иттихат-ва-Тарахки», «Шуро-и-Ислами» партияларының мүшелері де қуғындалды [4; 152].

Кеңестердің алғашқы билікке келгеннен кейінгі дінге қатысты солақай саясатының нәтижелерін қайта қарау мақсатында 30-жж. жеңілдіктер жасай бастады. Мысалы, 1930 ж. 19 наурызда қабылданған Қаулыда: «1. Дін орындарын ауыл, поселке халқының көпшілігінің ырзалығынсыз жабу, иә болмаса, олардың шын көңілден ырзашылық білдірмей жабу тоқтатылсын. 2. Мешіт, шіркеу иелері ауыл, поселке халқының көпшілігінің шын ырзашылығы алынған соң ғана Қазақстан Орталық Кеңес Комитеті Президиумы тиісті тоқтамды бекіткен соң ғана жабылсын», — деген болатын. Бұл Қаулының орындалуын бақылау Ішкі Істер Комиссариаты мен оның жергілікті бөлімдеріне жүктелді. Қаулыдан билік басындағылардың діни орындарды жабуға бұқара халықтың талап-тілектерін, көңіл-күйлерін ескеруге мән беруге тырысқандығын көреміз.

Дегенмен орталықтың бұйрық-нұсқауларына бағынышты республиканың заң шығарушы, атқарушы органдары дін орындарын сақтап қалуға дәрменсіз еді. Сондықтан да азаматтардың жеке құқықтарына қатысты мәселені шиеленістірмей, халықтың наразылығын тудырмай шешудің жолдарын қарастырды. Осыған орай кеңестік билік облыстар мен аудандардағы ахуалды бақылап отыру үшін діни мәселелерді қарау жөніндегі тұрақты жергілікті комиссиялардың рөлін күшейтуді көздеді.

Осы бағытты іске асыруда 1931 жылы 31 мамырда БОАК-нің «Діни мәселелерді қарау жөніндегі тұрақты Орталық және жергілікті комиссиялар жайлы Ережені бекіту туралы» Қаулысы шықты. Ережеде тұрақты Орталық комиссияның діни мәселеге байланысты барлық басқарушы қаулылары мен талаптары бүкіл жергілікті ұйымдар үшін міндетті деп атап көрсетілді [3; 55]. Осы ереже негізінде КАКСР ОАК, ҚАКСР прокуратурасы, қазақ кәсіподақ кеңесі, халық ағарту халкоматы және қаржы халық комиссариатының өкілдері енгізілді. Төралқа бекіткен комиссия мүшелері келесідей: Завиратько (ҚазОАК Төрағасының орынбасары); төраға орынбасары — Ярмұхамедов (қалалық кеңестің төрағасы); мүшелері: Өтешов — республика прокуратурасынан, Әлкенов — халық ағарту комиссариатынан, Қазбеков — қазақ кәсіподақ кеңесінен, Сытдыков — қазақ қаржы халық комиссариатынан.

Сонымен қатар орталық тұрақты комиссияға келесі міндеттер жүктелді:

а) діни бірлестіктер жөніндегі заңдарды дұрыс жүргізу мәселелері бойынша қажетті басшылық нұсқауларды жер-жерге тарату;

ә) аудандық атқару комитеттері жанынан діни мәселелер жөніндегі комиссияларды құру туралы мәселелерді қарастыру;

б) ҚазОАК-нде шоқыну мекемелерін жою туралы материалдарды шұғыл қарастыру.

Комиссияға дін туралы заңдардың дұрыс жүргізулерін бақылау, діни үй-жайларды ашу және жабу туралы мәселелерді қарау, республика көлемінде діни съездер өткізуге рұқсат беру, Қазақ АКСР-індегі барлық діни қоғамдар мен топтарды есепке алу сияқты міндеттер тапсырылды. Ресми уақытша құрылымның жергілікті органдары облыстық және аудандық атқарушы комитеттерде комиссиялар болып табылды. Комиссия өз жұмысын 1935 жылы 23 ақпанда тоқтатып, оның міндеттері тікелей ҚАКСР ОАК-не берілді.

ҚазОАК төралқасы жанындағы Дін мәселесі жөніндегі Тұрақты комиссиясы құжаттарында діни мекемелердің мынадай түрлеріне сипаттама беріледі:

– сыйыну, дұға ету ғимараттары — діни жоралғыларды орындау үшін арнайы салынған ғимараттар (шіркеу, мешіт және с.с.);

– сыйыну жайлары — арнайы діни құрылыс емес, дінге сенушілердің, діндарлардың жай үйлерден (жеке немесе муниципалды) сыйыну, дұға қылу жиындары үшін жалға алған ғимараттар;

– үй шіркеулері деп жеке оқшауланған ғимараттары жоқ, ескі тәртіптегі аурухана, түрме, орта оқу орындары және сол сияқты мекемелерде орналасқан (негізінен қалаларда) шіркеулер аталады. Бұл үй шіркеулері РКФСР Халық Ағарту Комиссариатының олар туралы Ерекше Қаулысына сәйкес міндетті түрде жабылуға тиіс болды;

– діни қоғам деп кәмелетке толған, саны жағынан 20 адамнан кем емес діндарлардың бірлестігін атайды, ал діни топ деп саны жағынан 20 адамнан аз діндар азаматтардың бірлестігі саналды [3; 55].

Тоталитарлық жүйе қалыптасқан XX ғасырдың 30-жж. қатаң саяси шектеу орнықты. 1937–1938 жж. дін өкілдері үшін өте ауыр кезең болды. Дінге қатысы барларды қамап, кемсітіп, ату жазасына кесті. 1937 жылы Қазақ өлкелік комитетінің Бюросы «еңбекшілерге троцкист-зиновьевшілдер, қылмыскерлер, контрреволюционерлер, ұлтшылдар, молда, поп және сектанттарды әшкерелеуде, діннің таптық мәнін түсіндіріп, дінге қарсы кең көлемде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу» жайлы Қаулы қабылдады.

Түркістан БК(б)П аудандық комитеті бюросының Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша шешімінде (1937 ж. 9 ақпан) «мешіттер жанындағы контрреволюцияшыл ұлтшыл және бай-кулак элементтер, фашистік бұзақы троцкист және зиновьевшілдермен бірігіп, қазақтардың Ауғанстанға қоныс аудару, ұжымшарлардағы аштық, большевиктік режиммен күрес жайлы айтып, пасық діни-контрреволюциялық үгіт-насихат жүргізуде» деп айыптады [5; 17].

КСРО-ны қамтыған репрессия дін өкілдерін де қырғынға ұшыратты. Түрмеде оларға жасалмаған қылмыстарын мойындатты [6]. 1940 жылы Карлагта 355 дін өкілдері қамақта отырды. Ал түрме мен жала жабудан құтылғандардың жағдайы мәз емес еді. Олар дін қызметкерлеріне салынатын үстеме салық төледі. Отбасылары, балалары мен немерелері қоғамда қуғын көрді. Мысалы, 1938 жылы Торғай ауданының мұғалімі Ахметовты, баласының молда болғаны үшін, жұмыстан шығарып жіберген [5; 17].

Большевиктер мерзімді басылымдар, кітаптар шығару арқылы да күрес жүргізіп, дінсіздікті насихаттады. Дінге қарсы сипаттағы әдебиеттерді жариялауға мүдделі болған Кеңес үкіметінің бастамасымен, шамамен 1926–1939 жылдар аралығында-ақ 300-ге жуық атеистік бағыттағы, үгіт жүргізу сипатындағы еңбектер жарық көрген. Бұл тек бір Ұлттық кітапхана қорында сақталғандары ғана. Аталмыш еңбектердің көлемі шағын болғанымен, ішкі мазмұны діннің пайдасыздығын, тиімсіздігін, ең бастысы, зияндығын дәріптеген шығармаларға толы болды. Тіпті 90-шы жылдарға дейін жарық көрген зерттеулерде дінге қарсы біржақты баға беріліп, таптық көзқарас тұрғысынан шыға алмады [7; 39].

Коммунистік партияның дінге қатысты ұстанымдары партия бағдарламасында арнайы қарастырылып, кейінгі кезеңде партия конференциялары барысында шешімін тауып отырғандығын мұрағат құжаттары дәлелдеп бере алады. Партия бағдарламасының діни қатынастар саласындағы пунктінде былайша белгіленген: «Бүгінде партия діннің мемлекеттен бөлінгенін қанағат тұтпайды... Партия қанаушы тап пен діни насихат ұйымдары арасындағы байланысты толық үзуге және жұмысшы таптың діни қағидалардан азат етуге тырысады. Ол үшін кең көлемде ғылыми-ағартушылық және дінге қарсы үгіт-насихат ұйымдастырады» [8].

Жалпы алғанда, большевиктік партия пікірінше, дін қанаушы таптың рухани құралы болғандығын, теңсіздікті, жеке меншікті, адамды адамның қанауын ақтап отырады, халықты қанаушылыққа төзуге шақырады. Құлдық психологияны тәрбиелеуші болатындығы тұжырымы халық санасына тереңдете енгізілді [7; 39].

Соңымен, XX ғасырдың 30-шы жылдарына дейін, кеңестік билік дінмен күресті кең көлемде жүргізді. Заңнамалық-құқықтық базаны осы бағытта жүргізумен қатар, дін жолында жүргендерді қудалап, түрмелерге қамап, діни ғимараттарды бұзу немесе оларды басқа да мақсатта қолданды.

Ал Ұлы Отан соғысы басталысымен дінге көзқарас өзгерді. Орталықтан шеткері орналасқан Қазақстанда дінмен күрестің кеш келгені сияқты, діни ұйымдардың қайта қалпына келіп, жұмысын бастауы да кештеу жүзеге асты. Себебі дінмен байланысы болғаны үшін адамдарды қудалау жұмыстары соғыс басталған алғашқы жылдарда Қазақстанда әлі де болса жалғасып жатқан болатын.

КСРО-да дінге қысымның азаюының бірнеше себептері болды. Біріншіден, оккупацияда қалған аймақтарда оған дейін жабылған шіркеулерді фашистік Германияның қайта ашып, діни әдебиеттердің таратылуы, діни ұйымдар жұмысының қайта жандануы себеп болды. Мемлекет пен дін арасындағы ара-қатынастың реттелетіндігін, дін еркіндігі мен ұлттық діни ағымдардың дамуын қамтамасыз ететіндігін дәлелдеді. Басқыншыл фашистердің болжамынша, осы әрекеттер арқылы КСРО-да большевиктердің беделі түсіп, түрлі діни бағыт өкілдері арасында көтеріліс басталып, мұсылмандар осы тұрғыдан құқығы ең көп шектелген халықтар ретінде алғашқылардың бірі болып, көтеріліске шығуы тиіс еді [9]. Дегенмен, соғысқа КСРО халқының бірігіп қатысуы ол ойды теріске шығарған болатын.

Екіншіден, дінге қарым-қатынасының өзгеруі себептерінің бірі, КСРО-ның сыртқы саясатымен де байланысты болды. 1943 жылы өткен Тегеран конференциясында екінші майданды ашуға Англия мен Францияны көндіру үшін, КСРО-да діни еркіндікті қалпына келтіруі керек еді. Сталин

демократиялық мемлекеттерде көп мәселенің шешімі қоғамдық пікірге байланысты екендігін жақсы түсінді. Көп ұзамай одақтастардың талаптары қанағаттандырылды [9; 70].

Үшіншіден, КСРО-да дінге көзқарастың жұмсаруының негізгі себебі ішкі факторларға да байланысты болды. Соғыс жылдарында фашизмге қарсы халықты біріктіру үшін шіркеулердің қалыпты жұмыс жасауына жағдай жасала бастады. Елге төнген қауіптен қорғану үшін дінбарлық адамдардың дүниетанымына қарамай, ортақ жауға күш біріктіретін негізгі құралдарының біріне айналуы тиіс еді. Діни ұйымдардың да отансүйгіштік ұстанымы, соғыстың алғашқы күндерінде-ақ байқалды. ОПШ (Орыс православиелік шіркеуі) Мәскеу және Коломна митрополиті Сергей, православиелік христиандарға Отан алдындағы қасиетті борышын орындауға шақырған үндеу жариялады.

Негізінен, діннің қоғамдық өмірге және саясатқа араласуы кеңестік заңға қарама-қайшы еді. Дегенмен, шіркеудің жауға қарсы күресуге шақырған үндеулері елдің қорғанысына көмегін тигізіп, ішкі саясатпен ұштасып жатқандықтан, митрополит Сергей әрекетіне тыйым салынбады. Керісінше, оның үндеулері мемлекеттік баспаханаларда басылып, көбейтіліп ұшақтармен жау тылына тасталып отырды [10].

Соғыс жылдарында отансүйгіштікке шақырған үндеулерді православиелік христиандардан өзге де діни ұйымдар жасады. Мысалы, КСРО Орталық діни басқармасы барлық мұсылмандарға «КСРО мұсылмандардың орталық діни басқармасы барлық діншілдерді туған жерін қорғауға, мешіттерде Қызыл Әскердің жеңісі үшін және соғысып жатқан ұлдар үшін дұға оқуға шақырады... Өз елінді сүй, себебі ол — мұсылманның борышы» [11] деп үндеу тастады. 1942 жылдың мамыр айында Уфада КСРО-ның сибір мен еуропалық бөлігінің мұсылмандарының Діни басқармасының Төтенше кеңесі өтіп, Кеңестер Одағының барлық мұсылмандарына Отанды қорғауда өз өмірлерін аямауға шақырған үндеу жасалды. Бұл үндеулер барлық мешіттер мен діндарлардың жиындарында оқылды. Жүргізілген іс-шаралар 1943 жылдан Орыс православиелік шіркеуіне, кейінірек ислам діні мен өзге де діндерге билік саясатының жұмсаруына әкелді [5; 30].

Нәтижесінде, 1943–1944 жылдарда үш – орталығы Ташкент қаласында орналасқан Орта Азия және Қазақстандық (ОАМДБ — САДУМ ор.), алғашқыда орталығы Буйнак, кейінірек Махачкала қаласы болған Солтүстік Кавказ және Дағыстан, үшіншісі орталығы Бакуде орналасқан Закавказье Мұсылмандар басқармалары құрылды. ОАМДБ-ға КСРО-дағы жалғыз кәсіби діни қызметкерлерді дайындайтын мұсылмандық жоғарғы оқу орны Бұхарадағы Мир Араб медресесі қарады [12].

1943 жылы 15–20 қазанда Ташкентте Орта Азия және Қазақстан мұсылмандардың Бірінші құрылтайы өтті. Құрылтайда Орта Азия мен Қазақстан Мұсылмандарының басқармасын құру туралы шешім қабылдап, төрағасы болып Ишан Бабаханов сайланды [13].

Соғыс жылдарындағы діни ұйымдардың кеңес халқын рухани біріктірудегі рөлі ескеріліп, тартылып алынған мешіттер қайтарыла бастады. Мысалы, 1944 ж. Петропавл қаласында 1937 ж. жабылған мешіт мұсылмандарға мерзімсіз пайдалануға берілді. 1945 ж. Алматы қаласының мұсылмандарының өтінішімен жатақханаға айналдырылған бұрынғы Шалақазақ мешітін ашуға ресми рұқсат берілді. Ал 1946 ж. жергілікті халықтың өтінішіне сәйкес Ақтөбе облыстық атқару комитетінің рұқсатымен Шалқарда мешіт ашылды [12; 49].

Ал, 1945 жылдың басынан бастап КСРО-дан қажылыққа баруға рұқсат етілді. Қажылыққа барғандардың алғашқы тобын мүфти Ишан Бабаханов бастап барды. Сол кезден бастап жылына 20–25 кеңестік мұсылмандар, Қазақстаннан үш адамнан қажылыққа барып отырды. Олар имамдар, мешіт әкімшілігінің мүшелері еді [5; 30].

Осы бағытта белсенді жұмыс жасағандардың бірі христиан евангелистер мен баптистер болды. Соғыстың ауыр кезеңдерінде христиан евангелистер мен баптистер өзара келіспеушіліктерді ұмытып, мемлекетті жаудан азат етуге белсенді қатынасуға, жеңіс күнін жақындату үшін күресуге шақырды. 1942 жылдың мамыр айында баптистер мен христиан евангелистер өкілдері қол қойылып діндарларға арналған үндеу-хат жасалып таратылды.

Діни ұйымдар патриоттық үндеулермен ғана шектелмеді. Мешіттер мен шіркеулерде майданға қаржы, киімдер мен азық-түлік жиналды, мемлекеттік облигациялар, лотерея билеттері сатылды. Қазақстанның барлық шіркеулері мен мешіттері осы іс-шараларға қатысты. Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс жасайтын жалғыз шіркеу соғыс басталған уақыттан бастап қорғаныс қорына қаржы аударып отырды. Сондықтан халық арасында діндарлықтың артуымен санасуға тура келді. Кеңестік билік діннің біріктіруші және рухтандырушы рөлін мойындады.

Бірақ Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталысымен, дін мен діндарларды қудалау қайта басталды. Бейбіт жағдайға көшу барысында соғыс жылдарында ортақ жауға қарсы идеологиялық күресте көмек көрсеткен діни сала керексіз болып қалды. Мемлекеттің атеистік саясаты өз күшіне қайта мінді. Дін партия, мемлекеттік қауіпсіздік органдары тарапынан қатаң бақылауда болды. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанынан Дін істері бойынша Уәкілетті кеңес құрылды. 1947 жылы Қазақ КСР ҒА-ның Тарих институты жанынан Дін және атеизм тарихы секторы құрылды. Осы бағыттағы секторлар өзге де институттар жанынан құрылды. Мұсылмандардың шетелдердегі діни орталықтарымен байланысы үзіліп, қатаң шектеулер мен саяси қысым жағдайында қаржылай көмексіз қалған ислам діні Қазақстанда даму мүмкіндігінен айрылды [5; 30].

Жалпы діннің қоғамдағы орны ерекше. Оның қоғамдағы қарым-қатынасты қалыптастырушы ықпалы зор. Ежелден қалыптасқан рухани институт ретінде, талай кезеңдерден өтіп сұрыпталып келген қағидаларды жою мүмкін еместегін, посткеңестік мемлекеттердегі діннің дамуы дәлелдеп отыр. Діни фанатизмнің ушығуы, реакциялық әрекеттерге баруы наным-сенімнің белгілі бір дәрежедегі азғындауы болып табылады. Дегенмен, кей жағдайда ол қорғаныш реакциясы түрінде де пайда болады. Дінді ауыздықтамай, оны қоғамға бейімдеу керек. Әрбір ұлттың, халықтың, нәсілдің, тағы басқа өзгеше болатынындай, діндер де мүлдем бір-біріне ұқсамайтындай болып көрінгенімен, оларды байланыстыратын бір ортақ белгі — адамзаттың наным-сенімі болуында еді.

Азаматтық қоғам, әрине, заң үстемдік ететін орта. Сондықтан адамдардың әралуандығын ескере отырып, оның дінді ұстанудағы құқықтарын да шектеуге болмайды. Әлемнің жарты ғасыр бойына екі полюске бөлінуіне себеп болған КСРО-ның өзі дінді, оның ықпалын жоя алмады. Тіпті, дінмен күрескен кеңес билігі кейде оны мемлекет мүддесіне пайдаланып та отырды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Montgomery D.W. *Namaz, Wishing Trees and Vodka: The Diversity of Everyday Religious Life in Central Asia* / D.W. Montgomery / *Everyday Life in Central Asia: Past and Present*, Indiana University Press, 2007. — P. 355–370.
- 2 Ленин В.И. *Социализм и религия: полное собр. соч.* / В.И. Ленин. — М., 1982. — Т. 7. — 662 с.
- 3 Күмісбекова Д.А. Қазақстан Орталық атқару комитетінің дін мәселесін шешудегі іс-шаралары / Д.А. Күмісбекова // *Вестник КазНУ. Сер. ист.* — 2007. — № 1 (44). — С. 53–57.
- 4 Козыбаев М.К. *Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски* / М.К. Козыбаев. — Алматы: Ғылым, 2000. — 388 с.
- 5 Нуртазина Н. *Борьба с исламом. Религиозная политика Советской власти в Казахстане в 20–40-е годы XX века* / Н. Нуртазина. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2008. — 36 с.
- 6 *Политические репрессии в Казахстане в 1937–1938 гг.: сб. документов.* — Алматы: Қазақстан, 1998. — 336 с.
- 7 Жаманбаева Л.К. Кеңес үкіметінің Қазақстандағы дін саясатының зерттелуі / Л.К. Жаманбаева // *ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сер.* — 2010. — № 3 (58). — 39–43-б.
- 8 Ленин В.И. *Полное собрание соч.* / В.И. Ленин. — Т. 38. — М., 1985. — 645 с.
- 9 Джунусбаева А.М. *Государственная религиозная политика в годы Великой Отечественной войны в Казахстане* / А.М. Джунусбаева // *Вестн. КазНУ. Сер. ист.* — 2014. — № 1 (72). — С. 69–74.
- 10 Поспеловский Д. *Сталин и церковь* / Д. Поспеловский // *Континент.* — 2000. — № 103. — С. 3.
- 11 Саидбаев Т.С. *Ислам и общество. Опыт историко-социологического исследования* / Т.С. Саидбаев. — М.: Наука, 1978. — 253 с.
- 12 Мустафина Р. *Ислам в Казахстане в советский период* / Р. Мустафина // *Отан тарихы.* — 2003. — № 4. — С. 48–57.
- 13 Ақтаулова Б.Ж. *Кеңестік дәуір саясатындағы ислам факторы және Қазақстандағы ислами ахуал* / Б.Ж. Ақтаулова // *ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сер.* — 2013. — № 3 (64). — 3–6-б.

К.Т. Бодеев, З.Г. Сактаганова

Политика Советской власти по отношению к религиозным организациям в Казахстане (30–40-е годы XX в.)

В статье анализируется изменение антирелигиозной политики после установления Советской власти апологетами большевизма. Характеризуются влияние принятых нормативно-правовых актов в Казахстане, выполнение руководящих указаний по антирелигиозной политике, перегибы, допущенные центром в религиозной политике в Казахской Советской Республике. В статье показана политика государства в отношении религии и верующих до начала Второй мировой войны, приводятся доказательства реального смягчения отношения к религии в годы Второй мировой войны. Авторы

делают обоснованные выводы, соотнося свои собственные доказательства и выводы по исследованию отечественных и зарубежных историков. В заключение дается характеристика последствий грубых ошибок и просчетов, допущенных при предотвращении деятельности религиозных организаций на территории СССР, в странах постсоветского пространства, в том числе и на территории Казахстана.

Ключевые слова: религия, политика, репрессия, Великая Отечественная война, Советская власть, организации духовенства, борьба с религией.

K.T. Bodeev, Z.G. Saktaganova

The policy of the Soviet government in towards religious organizations in Kazakhstan (30–40th of the XX century)

The article considers the policy of Soviet governance about religion and religion organizations in the 30–40 of the XX century. The analyzed change in the anti-religious policy after the establishment of Soviet governance, the apologists of Bolshevism. In article describes the impact of the adopted legal acts in Kazakhstan, the implementation of guidelines on anti-religious policies, the excesses committed by the center in religious policy in the Kazakh Soviet Republic. In the article is analyzed the state policy regarding religion and believers before the beginning of the Second World War, provides evidence of a real softening of the attitude towards religion during the Second World War. The authors make informed conclusions, citing their own evidence and conclusions on the study of domestic and foreign historians. In conclusion, a description of the consequences of gross errors and miscalculations made in the prevention of the activities of religious organizations in the territory of the USSR, in the countries of the post-Soviet space, including in the territory of Kazakhstan.

Keywords: religion, politics, repression, Great Patriotic War, Soviet power, the organizations of the clergy, the struggle against religion.

References

- 1 Montgomery, D.W. (2007). *Namaz, Wishing Trees and Vodka: The Diversity of Everyday Religious Life in Central Asia / Everyday Life in Central Asia: Past and Present*, Indiana University Press.
- 2 Lenin, V.I. (1982). *Sotsializm i relihiia [Socialism and Religion]*. *Polnoe sobranie sochinenii — Full composition of writings*, 7. Moscow, 662 [in Russian].
- 3 Kumisbekova, D.A. (2007). *Kazakhstan ortalyk komitetinin ortalyk din masesin sheshudehi is-sharalary [Actions of the Central Executive Committee of Kazakhstan on solving the religious issues]*. *Vestnik KazNU. Serii istoricheskaiia — Bulletin of KazNU. History series*, 1 (44), 53–57 [in Kazakh].
- 4 Kozybaev, M.K. (2000). *Kazakhstan na rubezhe vekov: razmyshleniia i poiski [Kazakhstan at the turn of the century: reflection and search]*. Almaty: Hylm [in Russian].
- 5 Nurtazina, N. (2008). *Borba s islamom. Relihioznaia politika Sovetskoi vlasti v Kazakhstane v 20–40-e hody XX veka [Fight against Islam. Religious policy of Soviet power in Kazakhstan in the 20–40-ies of the twentieth century]*. Almaty: Izdatelstvo Kazakhskoho universiteta [in Russian].
- 6 *Politicheskie repressii v Kazakhstane v 1937–1938 hh. [Political repression in Kazakhstan in 1937–1938]* (1998). Almaty: Kazakhstan [in Russian].
- 7 Zhamanbayeva, L.K. (2010). *Kenes ukimetinin Kazakstandahy din saiasatynyn zerttelui [Study of the Soviet Government's Religious Policy in Kazakhstan]*. *KazUU habarshysy. Tarikh seriiasy — KazNU Bulletin. History series*, 3 (58), 39–43 [in Kazakh].
- 8 Lenin, V.I. (1985). *Polnoe sobranie sochinenii [Full composition of writings]*, 38. Moscow [in Russian].
- 9 Dzhunusbaeva, A.M. (2014). *Hosudarstvennaia relihioznaia politika v hody Velikoi Otechestvennoi voiny v Kazakhstane [State Religious Policy during the Great Patriotic War in Kazakhstan]*. *Vestnik KazNU — Bulletin of KazNU*, 1 (72), 69–74 [in Russian].
- 10 Pospelovsky, D. (2000). *Stalin i tserkov [Stalin and the Church]*. *Kontinent — Continent*, 103, 3 [in Russian].
- 11 Saidbaev, T.S. (1978). *Islam i obshchestvo. Opyt istoriko-sotsiologicheskoho issledovaniia [Islam and Society. The experience of historical and sociological research]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 12 Mustafina, R. (2003). *Islam v Kazakhstane v sovetskii period [Islam in Kazakhstan during the Soviet period]*. *Otan tarikhi — Otan tarikhi*, 4, 48–57 [in Russian].
- 13 Aktaulova, B.Zh. (2013). *Kenestik dauir saiasatyndahy islam faktory zhane Kazakstandahy islami akhual [Islamic Factor in Soviet-era Politics and Islamic Situation in Kazakhstan]*. *Vestnik KazNU. Serii Vostokovedenie Shygystanu — KazNU Bulletin. Oriental Studies series*, 3 (64), 3–6 [in Kazakh].